

## Жарғы

<b>Жоба атауы:</b>	<b>Талас ауданы, Көктал ауылындағы көлде туристік-спорттық базаны дамыту</b>
<b>Бастамашылар:</b>	<b>Рысбек Шыңғыс</b> -Талас ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы <b>Сатыбалдиев Бекнұр</b> - Талас ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің басшысы <b>Бейсебаев Қайрат</b> – Талас ауданы , Көктал ауылдық округ әкімі <b>Ратов Жандос</b> - Талас ауданы, Ақкөл ауылдық округ әкімі <b>Мухтаров Нұржан</b> - Талас ауданы, Ойық ауылдық округ әкімі
<b>Жобаның іске асырылу мерзімі</b>	2022 жылдың наурыз-маусым
<b>Жобаның негіздемесі</b>	"Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 ақпандағы № 192 қаулысында «Бұқаралық спорт түрлерін мемлекеттік қолдау – саланы орнықты дамытудың қажетті шарты болып табылады. Халықаралық тәжірибе туристік инфрақұрылымды дамыту үшін жағдайлар жасау, жеке меншік инвесторларды тарту, туристік индустрия субъектілерінің қызметі үшін қолайлы экономикалық жағдайларды қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық базаны қалыптастыруға бағытталған мемлекеттің белсенді саясаты туристік саланың елдің әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызды орын алуы мүмкіндік беретінін көрсетіп отыр.

	<p>Ауданда жалпы 55 мың адам тұрады. Оның Қаратау қаласында тұратыны 30355 адам. Қаратау қаласындағы тұрғындардың жаз мезгілінде шомылу үшін Тараз қаласына немесе тағы да басқа қалаларға кетіп қалуы байқалады. Сондықтан ауданымызда туризмді дамыту өзекті мәселелердің қатарында. Көктал ауылындағы туристік спорттық база осы қажеттілікті толығымен қамти отырып, ауылдың инфрақұрылымын дамытады.</p> <p>Жаңа 25 жұмыс орындары ашылады.</p> <p>Кәзіргі таңда ауылдық округте 3 дүкен болса, жоба іске асырылғаннан кейін саны 5- ке ұлғаяды деп жоспарлануда.</p>
<b>Жобаның өнімі</b>	Туристік база, спорттық үйірмелер орталығы және қоғамдық тамақтану нысандары
<b>Жобаның SMART мақсаты</b>	Жамбыл облысы Талас ауданы, Көктал ауылдық округінде Пионер көлінде туристік-спорттық базаны соғу арқылы туризмді дамыту
<b>Жобаның міндеті</b>	<p>Бизнес-жоба әзірлеу</p> <p>Жобалық сметалық құжаттарын рәсімдеу</p> <p>Инвестиция тарту</p>
<b>Жоба сәттілігінің критерийлері</b>	Аудандағы ішкі туризмнің дамуы 25 % пайызға артады.
<b>Стейкхолдерлер</b>	<p>Жамбыл облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы</p> <p>Талас ауданының әкімдігі</p> <p>Жамбыл облысы әкімдігінің туризм басқармасы</p>

	Бұқаралық ақпарат құралдары Жарнама өкілдері Мердігерлер
<b>Жобаның шектеулері</b>	Құны бойынша – 15,300 мың теңге, Мерзімі бойынша –Объектілерді соғуды есептегенде 2022 жылдың маусым айы
<b>Жоба тәуекелдері</b>	1. Қаржы тапшылығы 2. Жаңа спорттық үйірмелерін ашқан жағдайдағы, кәсіби маманның тапшылығы( <i>байдарка, спорттық балық аулау</i> ) 3. Мердігерлер тарапынан жұмыстардың сапасыз орындалуы. 4. Ашылған жаңа туристік-спорттық базаның жарнамасының әлсіз болу қаупі. 5. Көлге құятын өзеннің механикалық тазаланбай қалу қаупі.